



№14 (8218)  
9 сәуір  
БЕЙСЕНБІ,  
2026 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

# Кен Жылоу

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol  
ken\_jyloi\_gazeti

\* Өзекті мәселе

## Есірткі шырмауы

Соңғы жылдары синтетикалық және өзге де есірткі заттарын қолдану деректері көбейіп, қоғамда алаңдаушылық туғызуда. Әсіресе жастар арасында мұндай зиянды әдеттердің кеңінен таралуы өзекті мәселеге айналып отырғаны жасырын емес. Мамандардың айтуынша, есірткі заттары адам денсаулығына орны толмас зиян келтіріп қана қоймай, түрлі құқық бұзушылықтарға да алып келеді. Осы мәселеге байланысты ауданымызда тағы бір дерек тіркелді, яғни соттың іс материалдарына сәйкес есірткі заттарын қолданған жас азамат анықталған.



Іс материалдарға сәйкес, 2004 жылы туған азамат улану белгілерімен медициналық мекемеге жеткізіліп, тиісті куәландырудан өткен. Нәтижесінде оның «каннабиноид» есірткі затын тұтынғаны белгілі болған. Аталған жайт бойынша уәкілетті орган тарапынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған. Сот отырысында азамат өз кінәсін үзілді-кесілді жоққа шығарып, сол күні тек дәрі-дәрмек қабылдағанын алға тартты. Тіпті бұрын есірткі қолданғанын мойындағанымен, қазіргі уақытта бұл әдеттен толықтай бас тартқанын мәлімдеді. Алайда оның бұл уәждері медициналық сараптама қорытындысымен және іс материалдарымен толықтай теріске шығарылды. Сараптама нәтижелері азаматтың ағзасында каннабиноид тектес есірткі

заттардың бар екенін нақты көрсетіп, оның сөздері мен шынайы жағдай арасындағы айқын қайшылықты ашып берді. «Каннабиноид» бұл әсері күшті өте қауіпті есірткінің бір түрі болып табылады. Соттың бағалауынша, азамат өз әрекетінің құқыққа қайшы екенін түсіне отырып, оның салдарына саналы түрде жол берген. Осыған байланысты оның әрекеті қасақана жасалған әкімшілік құқық бұзушылық ретінде танылды. Істі қарары барысында жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ. Дегенмен құқық бұзушылықтың алдын алу және оның қайталануына жол бермеу мақсатында сот әкімшілік қамаққа алу жазасын қолдануды жөн деп тапты. Сот қаулысымен азамат Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 440-1-бабының 1-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып, 10

тәулік мерзімге әкімшілік қамаққа алынды. Қамау мерзімі бұрынғы әкімшілік ұстау уақыты есепке алына отырып есептелді.

Мамандар мұндай жағдайлар қоғамда есірткіге қарсы күресті күшейту қажеттігін көрсететінін атап өтеді. Әсіресе жастар арасында түсіндіру және алдын алу шараларын жандандыру маңызды болып отыр. Мұндай келеңсіздіктердің алдын алу үшін әрбір азамат, әсіресе жас буын өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауы тиіс. Салауатты өмір салтын насихаттау, түсіндіру жұмыстарын күшейту және құқықтық мәдениетті қалыптастыру – ортақ міндет. Себебі жарқын болашақ бүгінгі саналы таңдаудан басталады.

А.ЕРДЕНҚЫЗЫ

\* Тіл саясаты



## Ұлттың тірегі

Тіл – мемлекеттің басты айшығы, елдігіміздің тұғыры. Мемлекетіміздегі басты тіл халқымыздың тілі – қазақ тілі екені мәлім. Бұл Ата Заңымыз Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында да анық жазылып, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп айқындалған».

Қазақ тілі бай, көркем, терең мағыналы тілдердің бірі. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Білім беру мекемелерінде, мемлекеттік органдарда, бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінің қолданылуы аясы кеңейіп келеді.

Мемлекеттік мекемелерде құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіліп, білім беру саласында қазақ тілінің рөлі артып келеді. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет кеңістігінде қазақ тілінің үлесі өсуде. Бұл – мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейтудегі маңызды қадам.

Мемлекеттік тіл тек қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық бірегейліктің,

рухани құндылықтардың айқын көрінісі. Осы тұрғыда әрбір азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі мен күнделікті өмірде қолдануы аса маңызды.

Қоғамда қазақ тілін пайдалану тек қажеттілік емес, ол – жауапкершілік. Әрбір сөзіміз, әрбір жазған хатымыз, әрбір сөйлеген сөйлеміміз арқылы біз тіліміздің болашағына әсер етеміз.

Тілді сақтау – елді сақтау. Тілді дамыту – болашақты дамыту. Ана тілімізді ардақтап, оны күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырайық. Тіл тағдыры – ел тағдыры.

А.ЖЕКЕЕВА,  
аудандық сот әкімшісінің  
жетекші маманы

\* «Таза Қазақстан»

## Кәсіпкерлердің бірлігін арттырған...

Аудан әкімдігінің қолдауымен, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы «Іскер әйелдер» кеңесінің ұйымдастыруымен экологиялық сенбілік-тимбилдинг болып өтті. «Қамыскөл – ортақ мұра: Таза көл – таза болашақ» атты экологиялық шараның мақсаты аудан кәсіпкерлерінің басын біріктіріп, қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға шақыру және кәсіпкерлердің бір-бірімен жақын танысып, тәжірибе алмасуына жағдай жасау.

Еркін форматта ұйымдастырылған шара барысында қатысушылар ең алдымен командаларға бөлініп, оларға түрлі тапсырмалар берілді. Қолдарына түрлі түсті ленталар табысталған команда мүшелері Қамыскөл көлінің жағалауындағы қоқысты көптеп жинау керек болды. Ең көп қоқыс жинаған топ жеңіске жетті. Осындай тапсырмаға толы, бірнеше ойын түрі ұйымдастырылды. Сондай-ақ кәсіпкерлердің ойын сергітетін, энергия алмасатын тренинг те тимбилдинг барысында жүзеге асты.

Кәсіпкерлерден бөлек шараға аудандық «Іскер әйелдер» кеңесінің төрайымы Ақмарал Халелова, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық

филиалының басшысы Мұрат Бахуов және аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Алдияр Мирамбаев қатысты.

– *Бұл бастаманың негізгі мәні – Қамыскөлдің жасалауын қоқыстан тазалап, табиғатқа жанашырлық таныту. Бұл жәй сенбілік емес, бірлік пен жауапкершілікті, кәсіпкерлердің ортақ құндылықтарын дәріптейтін маңызды шара*, – дейді аудандық «Іскер әйелдер» кеңесінің төрайымы А.Саминголлақызы.

Аудан экономикасын дамытып жүрген кәсіпкерлер тек Қамыскөл жағалауын тазалап қойған жоқ, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыруға бастамашы болды.

Ш.ХАМИТОВА

Бүгінгі санда:

## Тілсіз жаудың алдын алу



4-БЕТ

Баспасөз - 2026

## Кен Жылоу

II жартыжылдыққа баспасөзге пошта бөлімі арқылы жазылу науқаны басталды

- \* Ауданға қатысты жаңалықтар
- \* Өзекті мақалалар, сұхбаттар
- \* Жарнамалар

Индекс: 65583

Пошта арқылы: жеке тұрға - 2384,72 тг.  
Заңды тұрға - 5466,76 тг.

Баламалы негізде: 8 айға - 2290 тг.  
Пошта арқылы: 8 айға - 3210,20 тг.

"Кен Жылоу" газетіне баламалы түрде төмендегі нөмір арқылы жазыла аласыз: 8-701 413 95 22